Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Вагонсервис" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) Шартқа №1 қосымшада көрсетілген Қызметтердің атауына және Шартқа №2 қосымшадағы Техникалық ерекшелікке сәйкес көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда көзделген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда: сатып алынатын Қызметтердің тізбесі (Шартқа №1 қосымша), техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша), ішкі елдік құндылық үлесін есептеу нысаны (Шартқа №3 қосымша), Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы орындаушылар туралы ақпарат (Шартқа №4 қосымша), Орындаушылардың Тапсырыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзу тізбесі (Шартқа №5 қосымша).

1.3. Орындаушы осы Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда бекітілген жоспар бойынша конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар/корпоративтік/спорттық/мәдени/мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Көрсетілген қызметтер актісінің түпнұсқасы;

2.4.3. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылып берілген электрондық нысандағы шот-фактура.

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Осы Шарттың 2.5-тармағының ережелеріне қарамастан, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне Веб-портал арқылы қол қою Орындаушының Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі Тараптың мөрлерімен бекітілген қағаз жеткізгіштегі Көрсетілген қызметтер актісінің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана жүзеге асырылатыны туралы келісті. Орындаушы Тапсырыс берушіге алдын ала Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі Тараптың мөрлерімен бекітілген қағаз жеткізгіштегі Көрсетілген қызметтер актісінің түпнұсқасын жіберуге міндетті. Веб-портал арқылы электрондық нысанда Актіге қол қою Тапсырыс беруші көрсетілген түпнұсқаны алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.7. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Орындаушының дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.8. Қызметтер толық көлемде көрсетілгеннен кейін Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды.

2.9. Осы Шарттың жалпы сомасы Орындаушының барлық салықтық міндеттемелерін қамтиды.

2.10. Төлем валютасы: теңге.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес қызмет көрсету орны бойынша және мерзімінде көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызметтерді көрсету күні болып есептеледі. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша Қызметтерді көрсетеді.

3.3. Қызметтерді көрсету мерзімі: басталуы – Шартқа қол қойылған күннен бастап, аяқталуы – 31.12.2026 жыл.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Шартта көзделген Қызметтерді сапалы түрде көрсетуін қамтамасыз ету;

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі (саны) бойынша Шарттағы ішкі елдік құндылықты есептеу электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады). Қорытынды Көрсетілген қызметтер актісімен бірге ұсынылады; «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық нысандағы шот-фактура; Көрсетілген қызметтер актісінің түпнұсқасы;

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде материалдар/тауарлардың отандық тауар өндірушілерінен (егер олар Қазақстан Республикасында өндірілсе) отандық материалдар/тауарларды сатып алуды жүзеге асыру. Отандық тауар өндірушілер нарығына мониторинг Қордың, Тапсырыс берушінің ақпараттық деректер базаларын, оның ішінде Отандық тауар өндірушілер тізілімін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті органының отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын тиісті ақпараттық деректер базаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

4.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Осы Шарттың 4.1.6. тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына қосымша, Орындаушы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің нормативтік құжаттарының талаптарын, олар Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушыға стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды және Тапсырыс берушінің өзге де құжаттарын қабылдау-тапсыру актісі бойынша берілген жағдайда сақтауға міндеттенеді.

4.1.8. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.12. Тапсырыс беруші Орындаушы өкілдеріне өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс беруші талаптарын түсіндіру мақсатында ұйымдастырған кіріспе (установочный) кеңесте қабылданған шешімдерді орындауға және оларға қатысуға міндетті.

4.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары және осы Шарттың өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптары бұзылғаны анықталған жағдайда, оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша, қолданыстағы бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуін тоқтата тұруға міндетті. Осы жағдайда Қызметтерді тоқтата тұру Орындаушының кінәсінен болған бос тұрып қалу (простой) болып саналады.

4.1.14. Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілген тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған өндірістік қауіпсіздік саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-шараларын әзірлеуге және орындауға міндетті.

4.1.15. Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік қызметінде кіріспе нұсқамадан өту үшін өз қызметкерлерін және қосалқы мердігер ұйымдардың қызметкерлерін жіберуге міндетті.

4.1.16. Қызметтер көрсетілетін объектіде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруға міндетті.

4.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен мерзімдерде оқиғалардың себептерін тергеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы рәсімдеуге, сондай-ақ тергеп-тексеру комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін қосуға міндетті.

4.1.18. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Орындаушы Шартқа №5 қосымшаға сәйкес Тапсырыс беруші объектілерінде Орындаушылар Қызметтерді көрсету кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзу тізбесіне сәйкес айқындалатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс беруші талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл) Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.

4.1.19. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге тартылған өз қызметкерлерін және үшінші тұлғаларды Қызметтер көрсетілетін объектіде қолданыстағы өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің стандарттарымен, регламенттерімен, нұсқаулықтарымен және өзге де құжаттарымен, Тапсырыс берушіден алынған құжаттармен, қол қойдыра отырып таныстыруға міндетті.

4.1.20. Тапсырыс беруші айқындаған нысандар мен мерзімдерде өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

4.1.21. Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Шартты орындау тәсілі жөніндегі нұсқауларын орындау нәтижесінде Тапсырыс беруші үшін туындауы мүмкін қолайсыз салдарлар туралы Тапсырыс берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

4.1.22. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қызметтерді көрсету барысы туралы есепті Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

4.1.23. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндетті. Тапсырыс беруші Қызметтердегі ішкі елдік құндылықтың болжамды үлесін Орындаушыдан талап етуге құқылы емес.

4.1.24. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай талаптар белгіленген жағдайда, рұқсат беру құжаттарына, авторлық құқықтарға және лицензияларға ие болуға міндетті.

4.1.25. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында көрсетілген білікті мамандар арқылы көрсетуге міндетті. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында көрсетілген мамандарды баламалы (тең) біліктілігі бар мамандармен алмастыра алады (тендер тәсілімен сатып алулар жүргізілген жағдайда көрсетіледі).

4.1.26. Тапсырыс берушіден сұрау алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шартқа №4 қосымшаға сәйкес қосалқы орындаушылар және аффилирлену туралы ақпаратты, оның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, әпке-қарындастары, балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының/зайыбының аға-інілері, әпке-қарындастары, ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы туралы деректерді, сондай-ақ құрылу күнінен бастап тіркеу өзгерістері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

4.1.27. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/айналым есептелген немесе алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындауға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.28. Өзге шарттар мен мәмілелер бойынша контрагенттерінің осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/айналым есептелген немесе алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.29. Орындаушы жасасатын шарттарға контрагенттің және оның контрагенттерінің салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындауы туралы міндеттемелерді қамтитын шарттарды енгізуге міндетті, бұл талаптар жасалған шарт(тар)дың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/айналым есептелген немесе алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін де қолданылады.

4.1.30. Осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қатысты ақшалай талапты қаржыландыруға берілетін талапты уступка (факторинг) шарты (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша қаржы агентіне бермеуге міндетті.

4.1.31. Факторинг шартына қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алынған жағдайда, төмендегілерді ұсынуға міндетті: Факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін; Орындаушы тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Тапсырыс беруші объектілерінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін құжаттардың (стандарттар, регламенттер, нұсқаулықтар және өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің өзге де құжаттары) PDF форматындағы көшірмелерін Орындаушының сақтау құрылғысына Орындаушы өкіліне беруге міндетті. Құжаттардың көшірмелерін беру Тапсырыс беруші мен Орындаушының уәкілетті өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актісін рәсімдеу арқылы жүзеге асырылады.

4.3.6. Шарттың 7.9. - тармағында көрсетілген айыппұлды Орындаушы Шарттың 4.1.31-тармақшасында көзделген міндеттемені бұзғаны үшін берілген ақшалай талапты уступка (беру) сомасынан ұстап қалуға құқылы.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысы мен сапасын бақылау мақсатында кез келген уақытта Орындаушыдан Қызметтердің көрсетілу барысы туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

4.4.7. Орындаушының және Орындаушы тартқан үшінші тұлғалардың осы Шарт талаптарын сақтауына мониторинг жүргізуге құқылы (тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің өкілдері мен Орындаушының қызметкерлері қол қоятын тексеру актісінде тіркеледі).

4.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою және шарттық міндеттемелер талаптарын орындау жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, жазбаша нұсқама беру арқылы Қызметтерді толық немесе ішінара көрсетуді бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтату туралы өкім беруге құқылы.

4.4.9. Орындаушыдан қосалқы орындаушылар және аффилирлену туралы ақпаратты сұратуға құқылы, оның ішінде олардың атауы, БСН-і, басшылары мен құрылтайшылары туралы деректер, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, әпке-қарындастары, балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының/зайыбының аға-інілері, әпке-қарындастары, ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы, сондай-ақ құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістері туралы ақпаратты қамтиды.

4.4.10. Орындаушы шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда, акцептсіз тәртіппен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан және/немесе Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында жасалған өзге шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Орындаушы алдындағы өзге кредиторлық берешегінен Орындаушыға шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

4.4.11. Акцептсіз тәртіппен Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа меншік құқығында немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйым алдындағы берешек сомаларын (оның ішінде залалдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.) Тапсырыс берушінің Орындаушы алдындағы кредиторлық берешегі сомасынан және/немесе шарттың орындалуын қамтамасыз ету/аванс (алдын ала төлем) қайтарылуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің Орындаушы алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, залалдар мен тұрақсыздық айыбының сомалары Орындаушы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төленуге тиіс.

4.4.12. Орындаушының және осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Орындаушы тартқан үшінші тұлғалардың шарт талаптарын сақтауын тексерулер жүргізу және Орындаушының өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне сыртқы аудит жүргізу арқылы мониторингті жүзеге асыруға құқылы.

4.4.13. Орындаушыда Қазақстан Республикасының заңнамасы және Шарт талаптарының өндірістік қауіпсіздік саласындағы бұзушылықтары анықталған жағдайда, қолданыстағы бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

4.4.14. Өндірістік қауіпсіздік саласында Тараптармен келісілген іс-шараларды Орындаушы белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.4.15. Факторинг шартына қатысты Орындаушыдан тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Шарт талаптарына сәйкес Көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген шот-фактураны Тапсырыс берушіге қол қою үшін жолдайды.

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасын тексереді және 5 жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісі бойынша қабылдайды әрі осындай Актіге қол қояды.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 30 (_____) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Орындаушы 10 (_____) жжұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Орындаушы мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 10 (он) ішінде міндеттенеді) хабардар етуді алған сәттен бастап Қызметтерді сапалы көрсетуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 30 (тридцати) ішінде Орындаушыға Қызметтің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабардар етуді жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметті қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

5.5. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін нәтиже алынғанға дейін қайталанады. Бұл ретте осы Шарт бойынша Қызметтерді төлеу жөніндегі Тапсырыс берушінің міндеттемелерінің басталу мерзімі осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.6. Егер кемшіліктер осы Шарттың 5.5-тармағында көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды қолдануға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты келтірілген залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.7. Көрсетілген қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері — тиісті учаскелердің басшылары жүзеге асырады, олар көрсетілген қызметтердің фактісі мен көлемін Көрсетілген қызметтер актілеріне немесе осы Шартта көзделген өзге де құжаттарға қол қою арқылы растайды.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Көрсетілген Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тиісті сала және көрсетілетін қызмет түрі бойынша белгіленген мемлекеттік стандарттарға және/немесе өзге де нормативтік талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің сапасына Техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) белгіленген кепілдік мерзімі ішінде, сондай-ақ Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастапі 1 жыл ішінде кепілдік береді.

6.3. Кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер анықталған немесе олардың Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің тиісті талап қойған сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кемшіліктерді өз есебінен жоюға міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың 5.3-тармағына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Исполнитель Заказчикке тұрақсыздық айыбы ретінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% (оннан бір пайыз) мөлшеріндегі соманы әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін төлейді, бірақ ол орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.2. Шарт Исполнительдің кінәсінен бұзылған жағдайда, Исполнитель Заказчикке осындай бұзылу салдарынан келтірілген барлық залалды өтейді, сондай-ақ Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (лоттар болған жағдайда — міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған тиісті лот(тар) сомасынан).

7.2.3. Қызметтердегі ішкі елдік құндылық үлесінің нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Исполнитель Заказчикке мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ ол Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.4. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.5. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасынан 0,1% , бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.8. Шартта белгіленген өзге де міндеттемелерді орындау мерзімдерін сақтамаған жағдайда, Исполнитель Заказчикке орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін төлейді, бірақ ол орындалмаған міндеттеме сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.9. Исполнитель өз соисполнителері (қосалқы орындаушылары) өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Заказчик алдында жауапты болады. Исполнитель өз соисполнителерінің алдында Заказчиктің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

7.2.10. Исполнитель Шартты орындау барысында Заказчиктің мүлкіне, сондай-ақ Заказчик қызметкерлерінің және/немесе үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруге байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

7.2.11. Исполнитель осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ осы Шарт шеңберінде Исполнительдің табысы/өткізу айналымы есептелген немесе алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейінгі мерзім ішінде, уәкілетті органдардың салықтық бақылау нәтижелері бойынша анықталған, Исполнительдің және/немесе оның контрагенттерінің салық заңнамасы талаптарын бұзуы үшін Заказчик алдында жауапты болады, және мұндай бұзушылықтар мынадай салдарға әкеп соққан жағдайда: Заказчикке қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша қосымша есептелуіне, сондай-ақ осы салық бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелуіне; Заказчиктің ҚҚС бойынша дебеттік сальдосының азаюына; Заказчикке ҚҚС-тың қайтаруға жататын артық төленген сомасының расталмауына; бұрын бюджеттен қайтарылған ҚҚС артық сомаларының қайта бюджетке төленуіне. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, Исполнитель Заказчикке келесі сомаларды өтеуге міндетті: қосылған құн салығы бойынша қосымша есептелген сомалар, сондай-ақ осы салық бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар; расталмаған ҚҚС артық төлем сомасы; бұрын бюджеттен қайтарылып, кейін қайта төленген ҚҚС артық төлем сомасы. Салық заңнамасын бұзу критерийлеріне (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) Исполнительдің және/немесе оның контрагенттерінің мынадай жағдайларға сәйкес келуі жатады: заңды мекенжайы бойынша болмауы, электрондық шот-фактураларды (ЭСФ) жазып беруге шектеулердің болуы, салықтар бойынша берешегінің болуы, жалған кәсіпорын ретінде танылуы, банкрот деп танылуы, әрекетсіз деп танылуы, тіркеуінің жарамсыз деп танылуы, заңнама нормаларын бұза отырып қайта ұйымдастырылуы және/немесе салық төлеушінің өзге де сенімсіздік белгілеріне сәйкес келуі және/немесе салық заңнамасының өзге де бұзушылықтарына әкеп соғуы.

7.2.12. Исполнитель өндірістік қауіпсіздік саласындағы Заказчик талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге міндеттенеді.

7.2.13. Исполнитель Қызметтерді көрсету барысында жол берген табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтары үшін Заказчик жауапкершілікке тартылған жағдайда, Исполнитель Заказчикке келтірілген барлық залалды өтеуге міндеттенеді.

7.2.14. Исполнитель Қызметтер көрсетілген аумақта, жұмыс алаңында және оған іргелес аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінен туындаған теріс салдарларды толық жоюды қамтамасыз етеді.

7.2.15. Қызметтерді көрсету барысында Исполнительдің табиғатты қорғау заңнамасын бұзуы салдарынан айыппұлдар, талап-арыз және шағымдар бойынша төленген шығыстар Исполнительге өтелуге жатпайды.

7.3. Исполнитель осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Заказчикке тиесілі тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын Заказчиктің осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомаларынан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.4.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығын үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Қызметтерді нақты көрсеткен кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Орындаушы Шарттың 4.1.31-тармақшасында көзделген міндеттемені бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге факторинг шарты бойынша берілген ақшалай талап ету құқығының сомасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстарды енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.2. Өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында, Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқаушы кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган немесе байқаушы кеңес болмаған жағдайда — басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде). Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу шартының орындалуынан бас тартуға Тапсырыс беруші Исполнительге оның нақты шеккен шығыстарын өтеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартта көзделген төлем мерзімдерін қатарынан 2 (екі) айдан астам бұзған жағдайда, Орындаушы Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

8.7. Шарттың 8.3, 8.6-тармақшаларында көзделген жағдайларда, Шартты бұзуды бастамашы болған Тарап екінші Тарапқа Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте, осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі, оның ішінде, егер мұндай хабарлама Орындаушының кінәсінен, заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты алынбаған жағдайда да. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарт бұзылған күнге дейін нақты көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтер үшін ақы төлейді. Шартты бұзу туралы хабарлама тапсырыс хатпен, пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны ресімдеу арқылы жіберілуі немесе екінші Тараптың уәкілетті өкіліне жеке табысталуы тиіс.

8.8. Сатып алу мәселелері бойынша Қордың уәкілетті органы тарапынан сатып алуларда бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына жол берілмейді. Бұл жағдайда шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін, сондай-ақ Шарт бұзылған күнге дейін Орындаушының нақты шеккен шығыстары өтелуге тиіс.

9. Хат-хабар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы тиіс және қолма-қол табыс етілуі немесе пошта арқылы табыс ету туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс арқылы не электрондық пошта арқылы жіберілуі керек. Электрондық пошта мекенжайы «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу порталында тіркелу кезінде немесе Шартта көрсетіледі, әрі факс/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттың түпнұсқасы ұсынылуға тиіс. Қосымша түрде хабарламалар мессенджерлер (мысалы, WhatsApp) арқылы да жіберілуі мүмкін, алайда олар тек қосымша байланыс құралы болып табылады және жазбаша нысанды алмастырмайды.

9.3. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.4. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 г. ал салық заңнамасын бұзу анықталған жағдайда Исполнительдің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде (Шарттың бұзылғанына қарамастан) – Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу айналымы есептелген немесе алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың және олардың салдарының қолданылу уақытына пропорционалды түрде кейінге шегеріледі.

11.4. Жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда, Тараптар ешбір мән-жай еңсерілмейтін күш (форс-мажор) ретінде қарастырылмайтынына және Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір түрде тоқтатылмайтынына немесе шектелмейтініне келіседі.

11.5. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының әрекеті аяқталғаннан кейін, осындай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде олардың тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы жоспарланып отырған мерзімді көрсетуге міндетті.

11.6. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары 1 (бір) айдан астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте екінші Тарапқа Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жіберілуі тиіс, содан кейін осы Шарт бұзылған болып есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Шарт бұзылған күнге дейін нақты көрсетілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Қызметтер үшін Орындаушыға ақы төлейді.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Мұндай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаған жағдайда, кез келген Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауды Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуді талап етуге құқылы.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

